ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2025 жылғы 08 қазан №7119-25-00-2/10873 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Берекелі» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) өнім беруші «Берекелі» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Жауапкер) арасында 2025 жылғы 15 шілдеде № 25/390 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

Шарттың қосымшасына сәйкес Жауапкер құрылыс тауарлары жалпы сомасы 266 800 теңгеге, ҚҚС-сыз, сатып алу және тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 10.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 27.01.2026
7119-25-3-1/10790

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Кәсіпорын Шарттың қосымшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Жауапкерге 2025 жылғы 6 тамызда Жауапкер тауарларды ішінара көлемде қамтамасыз ету жеткізуге өтінім жолдады. Осы өтінімге сәйкес, Жауапкер тауарды 2025 жылғы 21 тамызға дейін жеткізуге міндеттенді. Жауапкер тарапынан жеткізілмеді.

Жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемерін орындаған жоқ, тауар жеткізілмеген, сол себептен шарт 23.09.2025ж. талапкермен бір жақты бұзылған.

Жауапкер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Жауапкер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Берекелі» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Берекелі» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Берекелі» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 10.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 27.01.2026
7119-25-3-1/10790

жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж. Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 10.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 27.01.2026

7119-25-3-1/10790